

З.А. Какенова¹, Х. Садри²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана;

²Орталық Флорида Университеті, АҚШ
(E-mail: z_kakenova@mail.ru)

АҚШ пен Қытайдың Орталық Азияға қатысты сыртқы саясатының трансформациясы

Мақалада АҚШ пен Қытай сияқты халықаралық қатынастарда жетекші орын алатын елдердің сыртқы саясатындағы Орталық Азия аймағының алатын орны қарастырылды. Аталған мемлекеттердің қатынастарының даму тарихы мен аймақтағы мүдделердің эволюциясы талданған. АҚШ пен Қытайдың аймақ елдеріне қатысты сыртқы саясатындағы басым бағыттары анықталды. Мемлекетаралық қатынастардың экономикалық, энергетикалық салаларына айрықша көңіл бөлінді. АҚШ-тың Жаңа Жібек жолы мен Қытайдың Жібек жолы экономикалық белдеуі тұжырымдамалары қарастырылды.

Кілт сөздер: Орталық Азия, сыртқы саясат, Жаңа Жібек жолы, экономикалық мүдде.

Қазіргі халықаралық қатынастарда жаһандық үдерістер мен күштердің шығысқа қарай жылжуы байқалады. Осыған орай, халықаралық қатынастардың негізгі акторлары әлемнің бұл аймақта жетекші ролін бекітуге тырысады. Бұл аймақтың өзінде-ақ, аймақтық шиеленістер, энергоресурстар мен оларды тасымалдау жолдарына бақылау орнату, экономикалық жетекшілікке бәсекелестік сияқты аймақтық мәселелер де өршуде. Бұл орайда қазіргі уақытта ресурстарға бай, әрі Ауғанстан сияқты тұрақсыздық ошағымен шекараласатын, Еуразия құрлығында батыс пен шығысты, оңтүстік пен солтүстікті байланыстыратын Орталық Азия аймағының геосаяси маңыздылығы артуда. Сонымен қатар Орталық Азияның халықаралық қауымдастық алдында тұрған Ауғанстанды тұрақтандыру, терроризм мен экстремизмнің кеңеюінің алдын алу, есірткінің заңсыз айналымын тоқтату сияқты жаһандық өзекті мәселелерді шешудегі ролі зор.

Тарихи тұрғыдан халықаралық, саяси қатынастар жүйесіндегі Орталық Азияның маңыздылығы бұл аймақтың геосаяси факторымен анықталған. Тіпті географиялық ашулардан бұрын Орталық Азия Ұлы Жібек жолы арқылы Қиыр Шығыс елдерін Еуропа, Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азия елдерін байланыстыратын Еуразия құрлығының өзегі болды. Кезінде Орталық Азия аймағында Ресей, Осман және Британ империяларының да мүдделері тоғысқан. Бұл елдердің өзара кірігуі мен мүдделерінің тоғысуын «Үлкен ойын» деп атап кеткен. Ағылшындықтар болса, аймақтағы олардың әскери болуын «бүкіл әлемді бақылауға мүмкіндік береді» деп санаған. Сол уақытта Ресей мен Британ империяларының мәмілеге келуінен кейін бұрындары бірегей тарихи, географиялық аймақ ықпал ету аймақтарына бөлініп, XX ғасырдың аяғына дейін өзінің геосаяси маңыздылығынан айрылды.

XXI ғасырда халықаралық қатынастарда өркениеттік фактордың маңыздылығы ұлғаяды. «Өркениеттер қақтығысы» тұжырымдамасының авторы С.Хантингтон, халықаралық қатынастардың болашақтағы жағдайын әлемдегі аса ірі өркениеттер арасындағы шиеленіспен байланыстырады. Осы орайда Орталық Азияның қытай, үнді, парсы, түрік сияқты әлемдік өркениеттер тоғысында орналасуын ескермеуге болмайды. Сонымен қатар аймақ этностық, демографиялық, діни және мәдени көпұрпақтылығымен сипатталады. Аймақтың геосаяси сипатын айта келе, оның территориясының көп бөлігін ислам фундаменталистері өздерінің «Ұлы Халифатына» енгізгенін де атап өту қажет. Терроризм және террористік топтардың бұл аймақтағы әрекеттері де Орталық Азия қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін [1; 25].

Орталық Азия аймағының геосаяси маңыздылығына ықпал ететін тағы да бірден бір фактор — аймақтың табиғи байлықтары. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін энергоресурстар мен пайдалы қазбаларға бай аймаққа Қытай, АҚШ, еуропалық мемлекеттердің коммерциялық қызығушылықтары бірден арта түсті. Аймақта дәстүрлі түрде үлкен ықпалға ие Ресей, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өзінің позициясын салмақты экономикалық және саяси жобалармен бекіте алмады. Осылайша, Орталық Азия территориясында жаңадан «үлкен ойын» орын алды. Бұл ойынға аймақтық акторлармен қатар, аймақтан тыс АҚШ сияқты әлемдік державаның да араласуы да сөзсіз.

Орталық Азияға қатысты АҚШ-тың геосаяси мүдделерінің трансформациясын шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруға болады. 90-жылдардың басында Орталық Азияға қатысты АҚШ мүдделерін американдық саяси аналитик Грэм Фуллер Американың аймақтағы мүдделері шектеулі деп сипаттайды. Бұл уақыттағы АҚШ-тың мүдделерін бірнеше мәселелер төңірегінде қарастыруға болады. АҚШ аймақтағы мүдделерін Орталық Азия елдері мен Ресей арасындағы қатынастарымен тығыз байланыстырған. АҚШ үшін Ресей өзінің көлемі, халқы саны, экономикасы, табиғи ресурстар, әскери күші және жалпы халықаралық ықпалы тұрғысынан, әрине, посткеңестік кеңістіктегі аса ықпалды мемлекет боп қала берді. Орталық Азия мемлекеттері Ресейдің саясатына қаншалықты ықпал ете алатын болса, соншалықты бұл елдер АҚШ мүдделеріне сай келетін еді. Бұл орайда, Фуллердің пікірінше, аталмыш республикалардың саясаттары Ресейдің экспансионизм немесе авторитаризм сияқты тенденцияларына жанама түрде ынталындыруға немесе жұмсартуға ықпал ете алады. Егер бұл елдер экономикалық не басқа да салаларда жергілікті орыс халқын кемсітетін болса, не Ресейге қауіп төндіретін болса, олар Ресей тарапынан агрессивті жауап алуы мүмкін деген ойға келеді. Сондықтан да ол екі тарап жағынан бейбіт конструктивті қатынастардың дамуы жалпы аймақтық қатынастарға тиізетін оң салдары болмақ деп түйеді [2; 77].

Орталық Азияға деген көршілес жатқан аймақтық державалардың ықпалы да АҚШ тарапынан алаңдаушылық туғызды. Атап айтқанда, аймақ елдерінің Түркия, Иран, Ауғанстан және Қытай сияқты елдермен қатынастарын дамытуы маңызды факторлардың бірі болды. Бұл орайда Түркия аймақтағы конструктивті позициясына ие болған мемлекеттердің бірі болды. Түркия жаңадан қалыптасып келе жатқан әрі мәдени жағынан түріктерге жақын Орталық Азия елдері үшін өзінің батысқа бағытталған көзқарастарымен, демократиясымен, зиялылығымен, тұрақтылығымен мемлекетті дамытудың оңды моделі еді. Иранға келетін болсақ, американдықтардың пікірінше, бұл Ресейден кейінгі Орталық Азияға маңыздылығы бар мемлекеттердің бірі. Иран, геосаяси жағынан, Парсы шығанағы елдері, Түркия және Батыс мемлекеттерімен құрлық байланысын ашатын бірден бір мемлекет [2; 6].

АҚШ-тың 90-жылдары Орталық Азия мемлекеттеріндегі тағы бір қызығушылығы ядролық қаруды таратпау мәселесімен байланысты болды. Қазақстан территориясында орналасқан ядролық материалдарды шығару мәселесін шешуге АҚШ Нанн-Лугар бағдарламасы аясында бірталай жәрдем көрсеткен еді. Ядролық таратпау мәселесі АҚШ пен Қазақстан арасындағы қатынастарда елеулі орын алған мәселелердің бірі болды. Сонымен қатар бұл мәселе екі жақ тарапынан жоғары деңгейдегі келіссөздерде бірталай талқыланған. 2010 ж. Вашингтонда ядролық қауіпсіздік мәселелеріне арналған алғашқы саммит өтеді. Бұл және келесі жылдары Сеул, Гаагада өткен саммиттердің жұмысына Қазақстан мен АҚШ қатысып, ядролық қауіпсіздік, ядролық материалдардың жылыстауын алдын алу сияқты мәселелер талқыға салынған болатын. Мұндай қатынастар нәтижелерінің соңғысы 2016 жылдың 31 наурызында Қазақстан мен АҚШ-тың ядролық қару таратпау және ядролық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы бірлескен мәлімдемесіне қол қоюы болып табылады. Құжатта тараптар екі мемлекеттің ядролық материалдарын сақтау қауіпсіздігін арттыру үшін қабылдап жатқан нақты кешенді шараларын атап көрсетіп, осы салада іс жүзіндегі өзара ықпалдастықты жалғастыруға деген ұстанымдарын растайды [3].

Орталық Азиядағы АҚШ-тың экономикалық мүдделерінің орнын бөлек атап өту керек. Бұл саладағы қызығушылықтарына келетін болсақ, олар негізінен аймақтың шикізат көздерімен байланысты. Осы орайда Қазақстанның мұнай мен оны тасымалдау мүмкіндіктері мен Түркіменстанның газ қорларының АҚШ үшін маңыздылығы артты. Бұл уақыт аралығында Орталық Азия территориясында американдық энергетикалық компаниялар өздерінің жұмысын бастайды. Билл Клинтонның президенттік мерзімінен кейін, 2001 жылдың қаңтарында Джордж Буш президенттікке келеді. Оның кабинетінің ортасындағы адамдар негізінен мұнай өндірісі саласында жұмыс атқарған адамдар болатын. Вице-президент Дик Чейни, жетекші әлемдік геофизика және мұнай өндірісі саласындағы Halliburton. Inc. компаниясында бас атқарушы қызметін атқарды. Ұлттық қауіпсіздік бойынша кеңесші Кондолиза Райс Шеврон корпорациясында қызмет атқарған. Яғни, Буш әкімшілігі, энергетикалық қауіпсіздік мәселелеріне көп назар аударған болатын. Мұнай және геосаясат мәселелері Вашингтон саясатының ортасына қайтадан оралды [4; 30]. Бұл орайда АҚШ-тың Орталық Азияға деген ниеті жөнінде де ұлттық қауіпсіздік стратегиясында энергетикалық қауіпсіздік тұрғысынан қарастырылады. АҚШ-тың сыртқы саясатының өзекті мәселелері мен бағыттарын анықтайтын құжат АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік стратегиясы боп табылады. АҚШ-тың 2000 жылғы ұлттық қауіпсіздік стратегиясының энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында АҚШ-тың

Батыс жартышары, Африка, Орталық Азия және Каспий аймағында орналасқан одақтастырының, сауда әріптестерінің, энергия өндірушілерінің жаһандық экономиканың ортақ өркендеуін нығайту көзделген [5; 20].

Бұл стратегиялардағы Орталық Азиядағы энергоресурстары американдық әріптес мемлекеттерге тасымалдау тұрғынысынан ғана қарастырылған. АҚШ аса қуатты капиталистік мемлекет және жаһандық өндіріс құрылымында үстемдігі бар болғандықтан, тауарлар мен қызметтер үшін әлемдік нарықтарды кеңейтуге тырысады. Мысалы, еркін сауда келісімдерге сәйкес, әдетте, дамушы елдерді өздерінің шикізаттарынан пайдалануға дайын тауарларды өндірмей-ақ, бұл шикізат көздерін дайын тауарларды дайындай алатын дамыған мемлекеттерге жіберуге мәжбүрлейді. Сондықтан да жаһандық еркін нарықтарды дамыту АҚШ-тың саяси шешім қабылдау элиталарының өміршең стратегиясы боп табылады. Бұл орайда Эндрю Басевич, АҚШ «ашық әлем» немесе «еркін әлем» сияқты саясатын ұсынғанда, АҚШ өзінің технологиялары жағынан артықшылықта, ал американдық әскери күш тәртіпті сақтап, ережелердің орындалуын бақылайды деген сенімде [6; 6].

2001 жылғы оқиғалар АҚШ-тың тек аймақтық саясатына ғана емес, жалпы жаһандық саясатына бірталай өзгерістер енгізді. АҚШ қауіпсіздік стратегиясында жаһандық терроризммен күрес, террористік шабуылдардың алдын алу, терроризммен күресте одақтастықтарды жасау, жаппай қырып жою қарулардың таралмауы мен бұл қаруларды қауіпсіздікке қатер келтірмеуі, Американың қауіпсіздік институттарын ХХІ ғасыр шиеленістеріне қарсы тұру үшін трансформациялау сияқты мәселелер алдыға орынға қойылады [7; 2]. 2002 жылдан бастап әлемде болған өзгерістерді саралай отырып, АҚШ Грузияда, Украина және Қырғызстандағы «түсті революциялар» Еуразия кеңістігінде бостандық үшін жаңа үміттер әкеледі деп қорытындылайды [7; 2].

Орталық Азия аймағында өз мүдделерін көздеген аймақтық алпауыт елдердің бірі — Қытай. Қытай көптеген себептерге байланысты жергілікті мемлекеттермен конструктивті өзара ықпалдасу механизмдерін қалыптастыруға қызығушылығын танытуда. КСРО-ның ыдырауы Орталық Азия республикаларының тәуелсіздіктерін алуларына әкелді. Нәтижесінде Қытай өзінің шекараларының солтүстік-батыс бөлігінде жаңа мемлекеттермен беттесті. Мемлекеттер арасындағы шекара мәселесі әлі шешілмеген еді, ал Орталық Азияның жаңа мемлекеттеріндегі саяси жағдайдың тұрақсыздануы Қытайдың Шыңжан-Ұйғыр автономды аймағына шиеленіс әкелуі мүмкін еді.

90-жылдардың басында Орталық Азия елдері тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін мемлекеттің тәуелсіз екендігін дәлелдер ерекшеліктердің бірі аумақтық тұтастық белгісі болып табылатын көрші елдермен мемлекеттік шекараларын белгілеу үдерісі басталды. Мұнда Қытай өзінің аймақтағы сыртқы саясатының басты мақсаттары ретінде Орталық Азияның көршілес жатқан елдерімен шекара мәселелерін шешу мен мемлекеттік шекара туралы келісімдерге қол қою мәселелерін қарастырды. Жалпы Қытай мен көршілес жатқан Орталық Азия елдерінің шекара мәселесі Ресей патшалығы кезінен өзінің шешуін күткен мәселелердің бірі еді. Көптеген онжылдықтар бойы кеңес және қытай коммунистік партиялары арасындағы күрделі қатынастар аталған мәселелерді шешуге бөгет болып, аяғында бұл мәселелер жаңа тәуелсіз мемлекеттердің мұрагерлігіне өтті. Қытайдың Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан елдерімен шекараларын анықтау мәселесі кеңес режиміне қарағанда әлдеқайда тез әлі бейбіт өтті. Сонымен, Қытай шекаралары туралы келісімдерге Қазақстанмен 1994, Қырғызстанмен 1996, ал Тәжікстанмен 2002 жылдары қол қояды. Атап өтетін жайт, кей даулы аймақтардың заңды мәртебелері бірнеше жылдар өткеннен кейін ғана күрделі келіссөздер нәтижесінде бекітілген еді. Мысалы, 2002 жылдың 10 мамырында Пекинде Қ. Тоқаев пен Т.Цзянсюан Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Үкіметтері арасында Қазақ-Қытай мемлекеттік шекарасын демаркациялау туралы хаттамаға қол қойды. Осылайша, Қазақстан мен Қытай арасындағы шекара мәселесі үш ғасырлық ұзақ мерзімді қамти отырып, ХХІ ғасырда оң шешімін тапты [8; 42].

Алғашқы кезде Қытай өзінің батыс аймағындағы жағдайдың тұрақтануына мүдделі болды. Бұл өз кезегінде сепаратизм мен экстремизм сияқты мәселелермен күресті білдірген еді. 90-жылдардың аяғына қарай Ауғанстанда талибтердің және Орталық Азия елдерінде исламистердің белсендеуі мәселені терроризммен күрес өлшеміне көшірді. Бұл орайда қауіпсіздік мәселесін шешу мақсатында 2001 ж. Шанхай ынтымақтастық ұйымы құрылды. АҚШ-тың Ауғанстандағы антитеррористік операциясы Орталық Азиядағы күштердің жаңадан орналасуына әкелді. Террористік қауіптің өсуі аймаққа деген әлемдік және аймақтық державалардың қызығушылық танытудың соңғы себебі болған жоқ.

Аймақ табиғи ресурстарға, әсіресе көмірсутектерге бай. Экономиканың жедел дамуы жағдайында ҚХР өзінің энергетикалық қауіпсіздігі мәселесін шешуге мүдделі болды. Сондықтан Орталық Азия отын импорттауды диверсификациялаудың аса әлеуетті бағыты боп көрінді.

2000-жылдардың басындағы Қытайдың Орталық Азияға қатысты саясаты Пекиннің қатысуымен аймақтық өзара ықпалдастық институттар мен механизмдердің қалыптасуымен, әрі Қытайдың белсенді экономикалық қатысуымен сипатталады. Қытайдың аймақтағы экономикалық белсенділігінің негізгі аспектері негізінен сауда және энергетика салаларымен тығыз байланысты болды. Қытайдың энергетикалық қауіпсіздік стратегиясын қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі «сыртқа шығу» саясаты боп табылады. Бұл қытай технологиялары мен капиталын пайдалана отырып, шетелдік кен орындарын игеруді білдіреді. Бұл саясат негізінен көршілес жатқан мемлекеттерге бағытталған, себебі Ресей, Қазақстан және Орталық Азия мемлекеттері мұнай, газ ресурстарына бай. Сонымен қатар бұл мемлекеттер достық ниеттері бар, әрі саяси тұрғыдан алып қарағанда салыстырмалы түрде тұрақты елдер боп келеді. Сондықтан да Қытайдың энергетикалық саладағы ұзақ мерзімді жоспарлары да бұл аймаққа қатысты болуы тиіс [9; 60].

Қытайдың Орталық Азия елдерімен қатынастарын дамыту, ең алдымен, бұл елдің өзінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерімен тікелей байланысты. Бұл орайда Орталық Азиядан ҚХР-ға энергоресурстарды тасымалдау Қытайдың аймаққа деген стратегиясының маңызды бағыты боп табылады. Қарқынды дамып келе жатқан Қытай экономикасы елеулі энергоресурс көлемін қажет етеді. Бірақ Таяу Шығыстағы шиеленістік жағдай, Иран ядролық бағдарламасы төңірегіндегі келеңсіз жағдай, теңіз жолдары арқылы минералды ресурстарды тасымалдаудағы қауіп-қатер мәселелері Қытай жетекшілері тарапынан шикізат ресурстарының жаңа импорт нарығын табуы талап етеді. Мұндай нарықтардың бірі ретінде Қытай Орталық Азия аймағын қарастырады [10; 135].

Қытайдың энергетикалық стратегиясының «орталықазиялық бағыты», қытай сарапшыларының пікірінше, бірнеше факторлармен байланысты. Біріншіден, мүдделердің «өзара толықтырылуы». Яғни Орталық Азия үшін өздерінің мұнай, газ ресурстарын игеру үшін инвестициялар мен өткізу нарығы қажет болса, Қытай өзінің энергия көздерін диверсификациялауды қажетсінеді. Екіншіден, ортақ шекаралардың бар болуы мұнай-газ ресурстарын делдалсыз тасымалдауға мүмкіндік береді. Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігі үшін энергия тасымалдаушыларды Орталық Азияның жерүсті магистральды құбыр желілері арқылы тасымалы аса маңызды боп келеді. Үшіншіден, бұл Қытайдың Солтүстік-Батысын дамыту бағдарламасына жәрдемдеседі. Бұл СУАР халқын жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз ете отырып, аймақтағы тұрақтылыққа атсалысады. Төртіншіден, өзінің бейбіт айналасын қамтамасыз ету мен Орталық Азияға деген ықпалдастықты кеңейту, Қытайдың болашақтағы геосаяси мүдделерін іске асыруға мүмкіндік береді [11; 146].

Осылайша, 20 жылдан астам уақыт аралығында Қытайдың аймақтағы саясаты мен мүдделері бірталай өзгерістерге ұшырады. Басында қауіпсіздік және шекараны анықтау мәселесін шешуде белсенділік танытқан Қытай, кейін толыққанды экономикалық ынтымақтастыққа келді және қазіргі уақытта аймақтағы жетекшілікке үміткер державалардың бірі боп табылады.

АҚШ та, Қытай да, әрине, Орталық Азияда өздерінің нақты мүдделерін көздеуде. Бұл елдер аймақтағы өздерінің саяси, экономикалық, мәдени-гуманитарлы үстем ықпалын бекіткілері келеді. Мұндай бәсекелестіктің айқын көрінісі ретінде соңғы жылдары АҚШ, ҚХР тарапынан ұсынылып жатқан көпжақты жобаларын қарастыруға болады.

Америка Құрама Штаттары ұсынған бағдарламаларға келетін болсақ, біріншіден, Жаңа Жібек жолы жобасын атап өту қажет. Бұл жоба Орталық Азия мен Оңтүстік Азия арасындағы сауда-экономикалық, инфрақұрылымдық байланыстарын дамыту стратегиясы боп табылады.

АҚШ-тың Жаңа Жібек жолы жобасын 2011 жылдың 20 шілдесінде Мемлекеттік хатшы Хиллари Клинтон Үндістанның Ченнай қаласында сөйлеген сөзінде ұсынды. Х.Клинтон АҚШ Тынық мұхиты державасы боп табылатынын атай келе, Үндістанның Үнді мұхиты мен Тынық мұхиты арасындағы су жолдарының үйлестірушісі екендігін атап өтті. Сонымен қатар ол бұл екі мемлекеттің аймақ болашағын қалыптастыруға атсалысуын көрсетті. Бұл жоба Ауғанстан арқылы Орталық және Оңтүстік Азияны байланыстыратын инфрақұрылымды қалыптастыру мен аймақтар арасындағы сауда қатынастарын либерализациялауды көздейді. Х. Клинтон өз сөзінде тарихта бұл екі аймақтың бір-бірімен және құрлықтың басқа да аймақтарымен Жібек жолы арқылы байланысты болғанын атап өтеді. Сонымен қатар мемлекеттік хатшы Жаңа Жібек жолын құру мақсатында бірігіп жұмыс істеуге,

яғни жаңа теміржолдарын, автомобиль жолдарын, энергетикалық инфрақұрылымды бірігіп құрыстыруға шақырады [12].

Жалпы, Жаңа Жібек жолы тұжырымдамасын Орталық Азия бойынша аса ірі американдық зерттеушісі Ф. Старр ұсынған «Үлкен Орталық Азиядағы ынтымақтастық пен даму бойынша серіктестік» идеяларының жалғасы деп қарастыруға болады. Бұл идеяға сәйкес, «Үлкен Орталық Азия» деп аталатын жаңа аймақтың пайда болуы аймақтың тұрақтылығы мен модернизациясына өз үлесін қосады, әрі аймақтық деңгейдегі көлік және сауда қатынастарын қайта құру, орталығы Ауғанстанда орналасқан Орталық Азия маңызды экономикалық аймақ құрудың бірден бір тәсілі боп табылады [13].

Жібек жолы идеясы бұл тұжырымдамадан бұрын да болған еді. 1999 жылы АҚШ Конгресінің өкілдер палатасының қабылдауынан кейін «Жібек жолы стратегиясы туралы акт» құжатында заңды түрді бекітілген. 2006 жылдың мамыр айында Ауғанстандағы әскери іс-қимылдардың жаңа жағдайын ескере отырып, аталған актіге толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. АҚШ ішкі қорғау потенциалын дамыту мен Жібек жолы елдерінің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігін атап көрсетті [14].

«Жаңа Жібек жолы» бұл Еуразия кеңістігін толығымен қамтитын, АҚШ-тың экономикалық мүдделерін бекітуді мақсат етіп қоятын, АҚШ-тың Ауғанстандағы антитеррористік кампаниясының жетістігін бекіту мен АҚШ-тың кең ауқымды геостратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған тұжырымдама. Бұл стратегияның экономикалық құралдарына келесілер жатады: аймақ мемлекеттерін әлемдік қаржылық-экономикалық үдерістерге тарту бойынша американдық бастамалар Орталық Азия аймағында көліктік коммуникацияларды дамыту, есірткіні өндіру күресіндегі аграрлық саясатты пайдалану. Екінші жағынан, энергетика саласындағы көлік және коммуникация желілерін дамытуға басымдық берілгендіктен, Орталық Азия мен Оңтүстік Азияны байланыстыратын оңтүстік энергетикалық және көліктік дәлізін құрастыру, аталған мемлекеттерге әлемдік нарықтарға шығудың тағы бір жолын иемденуі мүмкін. Ауғанстан арқылы өтетін транзиттік көлік дәлізін ашуда бірталай алға басу байқалуда. Өзбекстан Хайратон-Мазари-Шариф бағытындағы Ауғанстан тарихындағы алғашқы теміржол құрылысын 2011 жылы аяқтаған болатын. Сонымен қатар өзбек компаниялары Ауғанстан территориясында Мазари-Шариф-Кабул бағытындағы 11 көпірді салды [10; 130].

Дегенмен, Жаңа Жібек жолы тұжырымдамасын толыққанды іске асыруын бірнеше факторлар күрделендіретін сияқты. Біріншіден, АҚШ капиталды көп қажет ететін көлемді инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға қажетті қаржылай ресурстарды бөлуге асықпайды. АҚШ-тың ресми өкілдері өздерінің сөздерінде көбінесе бұл жобаға шетелдік жеке компаниялар не институттардың қаражат көмегін тарту туралы мәселелерін қозғайды. Сонымен қатар АҚШ Ауғанстанның посткризистік қайта құру мен даму мәселелерін барынша басқа мемлекеттермен жауапкершілігін бөлісуге тырысады. Бұл, ең алдымен, жобаларды қаржыландыру мәселесімен байланысты. Екіншіден, халықаралық коалиция әскерлерін шығару, елдегі қауіпсіздік жауапкершілігін жергілікті қауіпсіздік күштеріне беру, Ауғанстандағы жағдайдың одан әрі ушығуына әкеп соғуы мүмкін. Бұл фактор өз кезегінде ірі инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуына күмән туғызуда [10; 131].

Жалпы, Жаңа Жібек жолы тұжырымдамасы АҚШ-тың Орталық және Оңтүстік Азия аймақтарының қауіпсіздігін экономикалық тетіктер арқылы қамтамасыз ету мүдделерін көрсету мақсатында дайындалған идея боп табылады.

Жоғарыда атап өткендей, соңғы онжылдықта Орталық Азияның Қытайға деген маңыздылығы артуда. 2013 жылғы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Орталық Азия елдеріне деген сапары Қытайдың аймақтағы саясатының өзгеруінің айғағы. Бұл кезде Қытай тарапынан Жібек жолы экономикалық белдеу идеясы туралы айтылады. Аймақтағы басқа да державалардың әрекеттеріне жауап ретінде Қытай бастаманы өз қолына алып, стратегиялық қайта бағыттауы туралы мәлімдейді. 1996 жылы «Шанхай бестігінің» пайда болуынан кейін Орталық Азия елдерімен қатынастарды орнату мен бірте-бірте күшейту ынтымақтастық саясаты тұжырымдамалық негізде Қытайдың жаңа ұзақ мерзімді саясатын ескере отырып, аймақта экономикалық белдеу қалыптастырумен байланысты болды. Бұл Еуразия құрлығында көлік инфрақұрылымын қалыптастыру, кедергілерді жою арқылы өзара сауда көлемін арттыру, өзара экономикалық операцияларда ұлттық валюталар ролінің күшеюі сияқты мәселелердің жүзеге асуын білдіреді. Сонымен қатар Си Цзиньпин аймақ мемлекеттері арасында

еркін сауда аймағын құру мүмкіндігін қарастыру мәселесін, мәдени және әлеуметтік байланыстарды дамыту мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынды [15].

Қытайдың Жібек жолы экономикалық белдеуі жобасын ұсынудың маңызды факторы ретінде Орталық Азияның геосаяси маңыздылығы мен аймақтан тыс акторлардың мүдделерін атап өтуге болады. Мәселен, АҚШ-тың соңғы жалдардағы Азия-Тынық мұхиты аймағына деген қызығушылықтарының артуы, Жапония, Оңтүстік Корея, Австралия сияқты мемлекеттермен одақтық қатынастардың орнауы Қытай тарапынан ҚХР-ды стратегиялық қорғау саясаты ретінде қабылдануда. Сондықтан Қытай өзінің тікелей шекараласатын аймақтармен, оның ішінде Орталық Азия елдерімен тығыз қатынастар орнатуға мүдделі. Бұл жағдайда Орталық Азия елдерінің территориясы Қытай үшін Батысқа, Таяу Шығысқа шығуға мүмкіндік беретін жерүсті дәліз ретінде қарастырылуда [10; 134].

Бұл саладағы ірі отандық зерттеушісі К. Сыроежкиннің пікірінше, Орталық Азияға қатысты Қытай мен АҚШ арасындағы қатынастар ынтымақтастық пен бәсекелестік қатынастар ретінде сипатталады. Қысқа мерзімдегі болашақта АҚШ пен Қытайда, экстремизм мен терроризммен күрес мәселелері, халықаралық қатынастарда тұрақтылыққа қол жеткізу, энергоресурстарға қауіпсіз жолмен қолжеткізу, экономикалардың өзара тәуелділігі сияқты ортақ мүдделері бар. Бірақ мұндай ортақ мүдделер негізінен уақытша сипатқа ие [16; 305]. АҚШ Қытайдың таяу болашақта жетекші экономикалық державаға айналу перспективасынан қауіптенеді. Американдық сарашылардың бағалауы бойынша, Қытай 10–15 жылдан кейін АҚШ-тың жаһандық үстемдігіне бөгет болуы мүмкін.

Жалпы Орталық Азия мемлекеттері жаңа инфрақұрылымдық нысандарды салуға, сауда байланыстарын дамыту мен әлемнің жетекші елдерімен тығыз серіктестік қатынастар орнатуға қызығушылық танытуда. Кең көлемді жобаларды қаржыландыру, жаңа балама көлік дәліздерін қалыптастыру мен шекаралас елдермен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту Орталық Азия елдерінің ұлттық мүдделеріне сай келеді. Бірақ қарама-қайшылықтарға толы, әлі үйлестірілмеген жобаларды іске асыру Орталық Азиядағы геосаяси бәсекелестікті одан әрі күрделендіріп, аймақтық шиеленістерді ушықтыруы мүмкін. Сондықтан Қытай не АҚШ тарапынан Орталық Азия мемлекеттеріне ұсынылған жобалар ең алдымен, аймақ елдерінің мүдделерін ескеруі қажет, және де бұл жобаларды іске асырудың қысқа мерзімді әрі ұзақ мерзімді нақты қадамдары бекітілуі тиіс деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Huntington S.P.* The clash of civilization? // *Foreign Affairs*. — 1993. — No. 72. — P. 22–49.
- 2 *Fuller E. Graham.* Central Asia. The new geopolitics. — Santa Monica: RAND, 1992. — 86 p.
- 3 Қазақстан мен АҚШ-тың ядролық қару таратпау және ядролық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы бірлескен мәлімдеме. — [ЭП]. Қолжетімділік тәртібі: http://www.akorda.kz/kz/events/international_community/foreign_v
- 4 *Iseri E.* The U.S. Grand Strategy and the Eurasian Heartland in the Twenty-First Century // *Geopolitics*. — 2009. — No. 46. — P. 26–46.
- 5 *The National Security Strategy of the United States of America*. — September. — 2002. — 32 p.
- 6 *Bacevich A.J.* American Empire: The Realities & Consequences of US Diplomacy. — Harvard University Press. — 2002. — 312 p.
- 7 *The National Security Strategy of the United States of America*. — March. — 2006. — 54 p.
- 8 Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. — Алматы, 2012. — 424 б.
- 9 *Медеубаева Ж.М.* История формирования внешнеполитической доктрины Республики Казахстан (1991–2010 годы). — Астана: Мастер По, 2012. — 297 б.
- 10 *Умаров А.А.* Стратегические инициативы США и Китая в Центральной Азии // *Сравнительная политика*. — 2015. — № 1 (18). — С. 128–138.
- 11 *Семенова Н.К.* Китайский энергетический вектор: значение ШОС и безопасность в Центральной Азии. — 2012. — № 3. — С. 144–160.
- 12 *Remarks on India and the United States: A Vision for the 21st Century*. — [ER]. Access mode: <http://www.state.gov/secretary/20092013clinton/rm/2011/07/168840.htm>.
- 13 *Starr F.* A 'Greater Central Asia Partnership' for Afghanistan and its Neighbors. Washington: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program, 2005. — 38 p.
- 14 H.R. 1152 (106th): Silk Road Strategy Act of 1999. — [ER]. Access mode: <https://www.govtrack.us/congress/bills/106/hr1152/text/ih>.
- 15 К итогам визита Си Цзиньпина в Центральную Азию: Казахстан. — [ЭП]. Қолжетімділік тәртібі: <http://carnegie.ru/2013/09/16/ru-pub-52988>.
- 16 *Центральная Азия сегодня: вызовы и угрозы / Под общ. ред. К.Л. Сыроежкина*. — Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. — 456 с.

З.А. Какенова, Х. Садри

Трансформация внешней политики США и Китая по отношению к Центральной Азии

В статье рассмотрена роль Центральноазиатского региона во внешней политике ведущих игроков международных отношений — США и Китая. Проанализированы основные этапы развития взаимоотношений и эволюция интересов данных стран в регионе. Выявлены основные приоритетные направления внешней политики США и Китая по отношению к государствам региона. Особое внимание уделено экономической и энергетической составляющей межгосударственных отношений. Рассмотрены концепции Нового Шелкового пути США и экономического пояса Шелкового пути Китая.

Z.A. Kakenova, H. Sadri

Transformation of foreign policy of the USA and China towards Central Asia

This article examines the role of Central Asia in the foreign policy of the leading players of international relations such as the USA and China. The main stages of development of relations and the evolution of these countries' interests in the region were analyzed. The basic priority directions of the foreign policy of the United States and China towards the states of the region were revealed. Particular attention is paid to the economic and energy component of interstate relations. The concepts of the New Silk Way of the United States and the Silk Way Economic Belt of China were considered.

References

- 1 Huntington S.P. *Foreign Affairs*, 1993, 72, p. 22–49.
- 2 Fuller E. *Graham. Central Asia. The new geopolitics*, Santa Monica: RAND, 1992, 86 p.
- 3 A joint statement on non-proliferation and cooperation in the field of nuclear safety of Kazakhstan and the U.S., [ER]. Access mode: http://www.akorda.kz/kz/events/international_community/foreign_v
- 4 Iseri E. *Geopolitics*, 2009, 46, p. 26–46.
- 5 The National Security Strategy of the United States of America, September 2002, 32 p.
- 6 Bacevich A.J. *American Empire: The Realities & Consequences of US Diplomacy*, Harvard University Press, 2002, 312 p.
- 7 The National Security Strategy of the United States of America, March 2006, 54 p.
- 8 Foreign policy of the Republic of Kazakhstan, Almaty, 2012, 424 p.
- 9 Medeubayeva Zh.M. *The history of formation of foreign policy doctrine of the Republic of Kazakhstan (1991–2010)*, Astana: «Master Po», 2012, 297 p.
- 10 Umarov A.A. *Comparative politics*, 2015, 1 (18), p. 128–138.
- 11 Semyonova N.K. *Chinese energy vector: the value of the SCO and security in Central Asia*, 2012, 3, p. 144–160.
- 12 *Remarks on India and the United States: A Vision for the 21st Century*, [ER]. Access mode: <http://www.state.gov/secretary/20092013clinton/rm/2011/07/168840.htm>.
- 13 Starr F. A 'Greater Central Asia Partnership' for Afghanistan and its Neighbors. *Washington: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program*, 2005, 38 p.
- 14 H.R. 1152 (106th): Silk Road Strategy Act of 1999, [ER]. Access mode: <https://www.govtrack.us/congress/bills/106/hr1152/text/ih>.
- 15 To the results of Xi Jinping visits in Central Asia, [ER]. Access mode: <http://carnegie.ru/2013/09/16/ru-pub-52988>.
- 16 Central Asia today: challenges and threats. Edited by K.L. Syroezhkin, Almaty: KazISS under the President of the Republic of Kazakhstan, 2011, 456 p.